



030600 Актобе облысы, Мәртөк ауданы,
Тәңірберген ауылдық округі, Саржансай
ауылы, Достық көшесі 30
Тел/факс: 8/71331/ 27845
e-mail: nagornoe_school@mail.ru

030600 Актюбинская область, Мартукский район,
с.о Танирберген, село Саржансай, ул.Достык 30
Тел/факс: 8/71331/ 27845
e-mail: nagornoe_school@mail.ru

**2022-2023 оқу жылын аяқтау және орта
білім беру ұйымдарында білім
алушыларды қорытынды аттестаттаудан
өткізу туралы
меншік**

№72

«28» сәуір 2023ж

Қазақстан Республикасы Оқу ағарту министрінің 2023 жылғы 10 сәуірдегі №88 және
облыстық білім басқармасының 2023 жылғы 18 сәуірдегі №173 және Мәртөк
аудандық білім бөлімінің 27.04.2023 жылғы №391 бұйрықтарына сәйкес 2022-2023 оқу
жылын ұйымдасқан түрде аяқтау мақсатында

БҰЙЫРАМЫН:

1. Аудандық білім беру ұйымдары басшыларына:

1) меншік нысанына және ведомстволық бағыныстылығына карамастан орта білім беру
ұйымдарындағы оқу сабақтары 2023 жылғы 31 мамырда аяқталсын.

2) 9-сыныптарда білім алушылардың қорытынды бітіру емтихандары 2023 жылғы 2-3
маусым аралығында өткізілсін.

3) 11-сыныптарда білім алушылардың мемлекеттік емтихандары 2023 жылғы 5-19
маусым аралығынада өткізілсін.

4) Қорытынды аттестаттау бекітілген мерзімдерге сәйкес уақытылы өткізілсін:

9-сынып оқушылары үшін:

1) Қазақ/орыс/ тілі бойынша (оқыту тілі) эссе нысанында жазбаша емтихан,
гуманитарлық цикл, пәндерін тереңдетіп оқытатын мектептер үшін-жазбаша жұмыс
(мақала, әңгіме, эссе) – 2023 жылғы 2 маусым;

2) Математика (алгебра) бойынша жазбаша емтихан (бақылау жұмыс)-2023 жылғы
6 маусым;

3) Орыс тілінде оқытатын сыныптарда қазақ тілі мен әдебиеті бойынша жазбаша
емтихан (мәтінмен жұмыс, мәтін бойынша тапсырмаларды орындау) және қазақ тілінде
оқытатын

сыныптарда орыс тілі мен әдебиет бойынша жазбаша емтихан (мәтінмен жұмыс, мәтін
бойынша тапсырмаларды орындау)- 2023 жылғы 9 маусым;

4) Тандау пәні бойынша жазбаша емтихан (физика, химия, биология, география,
геометрия, Қазақстан тарихы, дүниежүзі әдебиет (оқыту тілі бойынша), шет тілі
(ағылшын/неміс), информатика) - 2023 жылғы 13 маусым;

11- сынып оқушылары үшін:

тарихы,

- 1) казак тілі/орыс тілі бойынша жазбаша емтихан - 2023 жылғы 5 маусым;
- 2) алгебра және анализ бастамалары бойынша жазбаша емтихан- 2023 жылғы 8 маусым;
- 3) Қазақстан тарихы бойынша ауызша емтихан - 2023 жылғы 12 маусым;
- 4) Орыс тілінде оқытатын мектептерде/ сыныптарда қазақ тілі мен әдебиетінен және казак тілінде оқытатын мектептерде/сыныптарда орыс тілі мен әдебиетінен жазбаша емтихан 2023 жылғы 15 маусым;
- 5) Таңдау пәні бойынша жазбаша емтихан (физика, химия, биология, география, геометрия, дүниежүзілік тарих, құқық негіздері, әдебиет (оқыту тілі бойынша), шет тілі ағылшын/неміс), информатика)- 2023 жылғы 19 маусым.
- 6) 2022-2023 оқу жылын аяқтау, қорытынды, мемлекеттік бітіру емтихандарын өткізу мақсатындағы ұйымдастыру іс- шаралары Қазақстан Республикасы Оқу ағарту министрінің 2023 жылғы 10 сәуірдегі №88 және 2008 жылғы 18 наурыздағы №125 бұйрықтарының талаптарына сәйкес қамтамасыз етілсін.

7) Білім беру ұйымдарында ағымдағы жылғы 31 мамыр күні оқу жылын аяқтау, 20-22 маусым күндері жалпы орта білім туралы аттестаттарды тапсыру шараларын міндетті түрде мектеп қабырғасында өткізу әрі білім алушылардың өмір қауіпсіздігін қамтамасыз ету жұмыстары қатаң бақылауға алынсын.

8) Мектепке дейінгі жалпы орта білім беру ұйымдарында ата-аналардан қаражат жинамау мәселесі қатаң бақылауға алынсын.

9) Ұлттық білім беру деректер қоры мәліметтері мен «Күнделік» жүйесінің уақытылы, сапалы толықтырылуы, жылдық, қорытынды бағалардың уақытылы қойылуы қадағалансын.

2.Жалпы орта білім туралы «Алтын белгі» аттестатын алуға үміткерлердің оқу пәндерінен емтихан тапсыру барысын академиялық адалдықты қамтамасыз ету үшін қадағалау, жазбаша емтихан жұмыстарын қарау шаралары ұйымдастырылсын.

3. Осы бұйрықтың орындалуын қадағалау директордың оқу ісі жөніндегі орынбасарлары Н.Ұ.Рамилинге және Г.К.Утепбергеноваға жүктеймін.

Мектеп директоры



Досжанов А.А